



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан халқы Ассамблеясынан
сайланған Парламент Мәжілісінің
депутаттарына**

*2021 жылғы 19 мамырдағы
№ДС-187 сауалға*

Құрметті депутаттар!

Сіздердің «Қолданбалы этносаяси зерттеулер институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (бұдан әрі – Институт) қатысты сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймыз.

Этносаралық зерттеулер саласындағы жобаларды қаржыландыруға 2021-2023 жылдарға арналған бекітілген республикалық бюджетте қолданбалы этносаяси зерттеулер мен іс-шаралар жүргізу бойынша көрсетілетін қызметтерге 709 998 мың теңге (2021 жылға – 252 146 мың теңге, 2022 жылға – 252 146 мың теңге, 2023 жылға – 205 706 мың теңге) сомасында шығыстар көзделген.

2021 жылға арналған республикалық бюджетті нақтылау шеңберінде Институт қызметіне қосымша 48 728 мың теңге бөлінді.

Осылайша, этносаралық қатынастар саласындағы қолданбалы этносаяси зерттеулер мен іс-шараларды іске асыруға Институттың 2021 жылға арналған нақтыланған бюджетінде жалпы сомасы 300 874 мың теңгені құрап отыр.

Бұдан басқа, 2022-2024 жылдарға Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне (бұдан әрі – АҚДМ) жалпы сомасы 62 162 363 мың теңге, оның ішінде жылдар бойынша:

- 2022 жылы – 35 739 681 мың теңге;
- 2023 жылы – 15 307 505 мың теңге;
- 2024 жылы – 11 115 177 мың теңге лимит бекітілген.

Осыған байланысты, АҚДМ берілген лимит шеңберінде этносаралық зерттеулер саласындағы жобаларды қаржыландыруға арналған шығыстарды жоспарлайтын болады.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауына сәйкес Үкімет мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор

қызметкерлерінің штат санын 2021 жылы 25%-ға қысқарту бойынша жұмыс жүргізуде.

Сонымен қатар, әлеуметтік емес саладағы ұйымдарда және өндірістік персоналды қоспағанда, тек әкімшілік персоналды қысқарту жоспарлануда.

Осы орайда, Институт квазимемлекеттік сектор субъектісі болып табылады. Сондай-ақ институттың қызметі «әлеуметтік сала» санатына жатпайды.

Осыған байланысты Институттың штат санын қысқарту ағымдағы қоғамдық-саяси ахуалдың басымдықтары және оның алдына қойылған міндеттер негізге алына отырып жүргізілетін болады.

Е.Тоғжанов